



Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 22-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қаңтарда № 35651 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика Министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2025 жылғы 17 қаңтардағы
№ 22-н/к бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізімі

1. "Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10550 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 293) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларында

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 293) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.";

19 және 20-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттықты өткізу рәсімі мыналарды:

1) жүйелік оператордан ҚР БЭЖ-нің әрбір энергия торабы бойынша операциялық тәуліктерде қолжетімді сағаттық мәндер туралы электр энергиясын сатудың ең аз және ең жоғары рұқсат етілген көлемдері туралы ақпаратты, ҚР БЭЖ аймақтары бойынша электр энергиясын тұтынудың сағаттық шамалары туралы ақпаратты және сатуға шығарылатын қуаттардың сағаттық көлемдерін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдардың тізімін алуды;

2) энергия өндіруші ұйымдардың станция/блок (агрегат) жұмысының техникалық параметрлерін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысуға өтінім беруді (бұдан әрі – өтінім);

3) орталықтандырылған сауда-саттық бағалары мен көлемін есептеуді;

4) орталықтандырылған сауда нарығы операторының электр энергиясының атауын, бағасын және көлемін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жасалған мәмілелер тізілімін жасауды;

5) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелер тізілімін жүйелік операторға беруді;

6) энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының сатылған көлемін электр энергиясын генерация/тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесіне енгізу туралы жүйелік оператордан растау алуды;

7) энергия өндіруші ұйымдардың орталықтандырылған сауда нарығы операторының және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттық нәтижелері туралы хабарламасын қамтиды.

20. Электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыруды жүзеге асыру мақсатында орталықтандырылған сауда нарығының операторы:

1) цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады;

2) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады;

3) ЭКН субъектілерінің электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қол жеткізуінің тең жағдайларын қамтамасыз етеді;

4) ЭКН субъектілерінің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындайды;

5) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын сатып алу-сату бойынша жасалған мәмілелерді тіркеуді және есепке алуды жүзеге асырады;

6) ЭКН субъектілерін өз құзыреті шегінде орталықтандырылған сауда-саттықта қалыптасқан электр энергиясына индикативтік бағалар бойынша ақпаратпен және басқа да нарықтық ақпаратпен қамтамасыз етеді;

7) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізуге тұрақты дайындықта электрондық сауда жүйесін қолдайды;

8) сауда-саттыққа қатысушы операторларға электрондық сауда жүйесіндегі жұмыс бойынша нұсқама жүргізеді;

9) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруға және өткізуге байланысты мәселелер бойынша жүйелік оператормен және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен өзара іс-қимыл жасайды;

10) жүйелік оператор ұсынатын нақты теңгерім деректері бойынша электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты көлемі туралы нарықтық ақпаратты ұсынады;

11) сауда-саттыққа қатысушылар, энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушының берген өтінімдері (беру күні мен уақыты, бағасы, көлемі) туралы ақпаратты және сауда-саттық нәтижелерін (мәмілені жасасу күні мен уақыты, бағасы, көлемі, құны, мәміле тараптары) қамтитын электр энергиясы мен қуаты сауда-саттығының қорытындыларына ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

12) жүйелік оператормен келісуден кейін өзінің интернет-ресурсында сауда-саттыққа қатысушылар, берілген өтінімдер (берілген күні мен уақыты, бағасы, көлемі) туралы және сауда-саттық нәтижелері (күні, бағасы, көлемі, құны, мәміле тараптары) туралы ақпаратты қоса алғанда, орталықтандырылған сауда-саттық туралы ақпаратты күн сайын жариялайды.";

33-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"33. Жүйелік оператор орталықтандырылған сауда нарығының операторына операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 09:15-ке (Астана уақыты бойынша) дейінгі мерзімде ЭЦҚ көмегімен жүйелік оператор қол қойған мынадай ақпаратты автоматты режимде ұсынады:

1) ҚР БЭЖ аймақтары бойынша сатып алуға бір сағаттық қуат көлемі бар цифрлық майнерлер үшін квоталар;

2) "Солтүстік-Оңтүстік" электр беру желісінің қалдық өткізу қабілеттілігінің көлемі.

Ақпаратты автоматты режимде жіберу мүмкіндігі болмаған кезде жүйелік оператор жоғарыда көрсетілген ақпаратты цифрлық түрде орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық поштасына жібереді.

Жүйелік оператор тарапынан ұсынылатын деректерді кідірткен немесе түзеткен немесе электрондық сауда жүйесі дайын болмаған кезде сауда сессиясын ашуды жоспарлау жоғарыда көрсетілген ақпаратты алғаннан немесе электрондық сауда жүйесінің эзірлігін қалпына келтіргеннен кейін 10 (он) минуттан кешіктірілмей жүргізіледі.";

47-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"47. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 10:15-ке дейін (Астана уақыты бойынша) цифрлық түрдегі жүйелік операторға олардың атауынан, сатып алу бағасынан және әрбір сағат бойынша көлемінен тұратын цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық нәтижелерін жібереді. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүйелік операторға операциялық тәуліктің әр сағаты бойынша сатылмаған квотаның көлемі туралы ақпаратты операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 10:15-ке дейін (Астана уақыты бойынша) жібереді. Цифрлық майнерлерге арналған электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының алдын ала қорытындылары операциялық майнерлердің алдындағы тәуліктің сағат 10:15-тен кейін (Астана уақыты бойынша) цифрлық майнерлерге қарау үшін қолжетімді.

Орталықтандырылған сауда нарығының операторы жоғарыда көрсетілген ақпаратты автоматты режимде ақпарат беру мүмкін болмаған жағдайда Жүйелік оператордың электрондық поштасына электрондық түрде жібереді.";

51 және 52-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"51. Жүйелік оператор орталықтандырылған сауда нарығының операторына операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 09:15-ке дейін (Астана уақыты бойынша) ЭЦҚ көмегімен қол қойылған электрондық сауда жүйесінде энергия өндіруші ұйымдардың тиісті шекті тарифтері бойынша сауда сессиясына қатысуға өтінімдер түрінде көрсетілетін, сатуға қойылатын қуаттардың сағаттық көлемдерін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдардың тізімін автоматтандырылған режимде ұсынады.

Бұл ретте сауда-саттыққа қатысушылардың жүйелік оператордан ақпарат алған сәттен бастап сауда сессиясына қатысуға өтінімнің техникалық параметрлерін толтыру мүмкіндігі бар.

Жүйелік оператор орталықтандырылған сауда нарығының операторына операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 11:10-ге (Астана уақыты бойынша) дейінгі мерзімде ЭЦҚ көмегімен қол қойылған мынадай ақпаратты автоматты режимде:

1) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жабуға жоспарланатын ҚР БЭЖ аймақтары бойынша электр энергиясын тұтынудың сағаттық шамасын;

2) электр энергиясын сатудың ең аз және ең жоғары рұқсат етілген көлемінің сағаттық мәндерін (ҚР БЭЖ-нің әрбір энергия торабы бойынша) ұсынады.

Жүйелік оператор жоғарыда көрсетілген ақпаратты электрондық түрде ақпаратты автоматты режимде беру мүмкін болмаған жағдайда орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық поштасына жібереді.

Жүйелік оператор тарапынан ұсынылатын деректер кідірілген немесе түзетілген немесе электрондық сауда жүйесі дайын болмаған кезде сауда сессиясын ашуды жоспарлау жоғарыда көрсетілген ақпаратты алғаннан немесе электрондық сауда

жүйесінің дайындығы қалпына келтірілгеннен кейін 10 (он) минуттан кешіктірілмей жүргізіледі.

52. Электр энергиясының орталықтандырылған саудасын жүргізу үшін қажетті ақпаратты жүйелік оператор мынадай шарттарды ескере отырып қалыптастырылады:

1) көлем мәндері үтірден кейін 3 (үш) таңбадан аспайтын дәлдікпен көрсетіледі;

2) ҚР БЭЖ энергия торабын сатудың ең жоғары жол берілетін көлемінің мәні ҚР БЭЖ энергия торабының тиісті сағаты бойынша сатудың ең аз жол берілетін көлемінің мәніне тең немесе одан көп;

3) ҚР БЭЖ-нің тиісті аймағына жататын әрбір сағаттың барлық энергия тораптары бойынша ең төменгі жол берілетін сату көлемдерінің жиынтық мәндері тиісті сағат бойынша сұраныс көлемінің мәндерінен аспайды;

4) әрбір энергия торабы бойынша жол берілетін ең төменгі сағаттық сату көлемінің мәндері ҚР БЭЖ тиісті энергия тораптарына жататын энергия өндіруші ұйымдар сатуға қоятын қуаттың сағаттық жиынтық көлемінің мәнінен аспайды.";

56-тармақтың 12) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"12) сатудың минималды көлемі (станция немесе блок);";

61 және 62-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"61. Энергия өндіруші ұйымдардың электрондық сауда жүйесіне электр энергиясын сатуға арналған сауда сессиясына қатысуға берілген өтінімдер сауда сессиясына қатысуға өтінімдерде көрсетілген бағалардың өсу тәртібімен сараланады және электрондық сауда жүйесі жүйелік оператор ұсынған сұраныс көлемінің арақатынасына автоматты түрде белсенді сараланған ұсыныстар кестесін құрады.

62. Сауда сессиясы кезінде энергия өндіруші ұйымдардың сауда сессиясына қатысуға өтінімде электр энергиясының бағасын және сауда сессиясына қатысуға өтінімнің түрін өзгертуге, сондай-ақ сауда сессиясына қатысуға өтінімде станция/блок жұмысының техникалық параметрлерін көрсетуге немесе өзгертуге мүмкіндігі бар.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйымдар станция/блок жұмысының көрсетілген немесе өзгертілетін техникалық параметрлерінің мынадай шарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді:

1) станцияның/блоктың үздіксіз жұмыс уақыты 1 (бір) кем емес және 24 (жиырма төрт) артық емес сағаттан аспайды;

2) станцияны/блокты сатудың ең аз көлемі станцияның/блоктың барлық сағаттарынан ең аз көлемінен аспайды;

3) станция/блок жүктемесін алу жылдамдығы станцияның/блоктың барлық сағаттарынан максималды көлемінен аспайды;

4) станция/блок жүктемесін қалпына келтіру жылдамдығы станцияның/блоктың барлық сағаттарынан максималды көлемінен аспайды.

Сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінімде энергия өндіруші ұйымдар көрсететін станция/блок жұмысының техникалық параметрлері болмаған кезде электрондық сауда

жүйесі станция/блок жұмысының техникалық параметрлерін ескермей іріктеу жүргізеді";

67-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"67. Егер өтінімдер блоктар (агрегаттар) бойынша және "Итерация" батырмасы іске қосылған жағдайда берілген кезде, белгілі бір сағатқа сұраныс көлемі соңғы блоктың (агрегаттың) минималды сату көлемінен аз болған жағдайларда сауда жүйесі барлық блоктар бойынша көлемді белгілі бір сағатқа бір ЭПО-дан сұраныс көлемі мен минималды сату көлемі арасындағы айырмашылықты толық жабылғанға дейін пропорционалды түрде төмендетеді.";

69, 70 және 71-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"69. Сауда сессиясына қатысуға өтінімдерді іріктеу процесінде осы Қағидалардың 56-тармағының 11)-12) тармақшаларында көрсетілген энергия өндіруші ұйымдардың талаптары тексеріледі. Егер осы Қағидалардың 56-тармағының 11)-12) тармақшаларында көрсетілген талаптар іріктелген энергия өндіруші ұйым үшін орындалмаса, онда осы энергия өндіруші ұйымның өтінімі баға бойынша келесі энергия өндіруші ұйымның өтінімімен ауыстырылады. Сауда сессиясына қатысуға өтінімдерді іріктеу энергия өндіруші ұйымдардың барлық өтінімдері іріктелгенге дейін немесе электр энергиясының жүйелік операторы мәлімдеген сұраныстың барлық көлемі жабылғанға дейін жалғасады.

70. Орталықтандырылған сауда-саттықтың қорытындылары шығарылғаннан және энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жасалған мәмілелердің алдын ала тізілімі қалыптастырылғаннан кейін орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр энергиясының сатылған көлемін электр энергиясын генерация/тұтынудың тәуліктік кестесіне электр энергиясын генерация/тұтынудың тәуліктік кестесіне 12-00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) қосу үшін операциялық, ЭЦҚ көмегімен орталықтандырылған сауда нарығы операторының қызметкері қол қойған операциялық тәуліктің алдындағы орталықтандырылған сауда-саттықтың нәтижелерін цифрлық нысанда жүйелік операторға келісуге береді.

Ақпаратты автоматты режимде беру мүмкіндігі болмаған кезде орталықтандырылған сауда нарығының операторы жоғарыда көрсетілген ақпаратты цифрлық түрде жүйелік оператордың электрондық поштасына жібереді.

71. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы мынадай:

1) техникалық сараптама жүргізу кезінде жүйелік оператор энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық нәтижелері бойынша электр энергиясын сату көлемін электр энергиясын өндірудің/тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізбеу;

2) электр энергиясын сатуға арналған сауда сессиясына қатысуға өтінімнің болмау;

3) әрбір энергия торабы бойынша электр энергиясын сатудың ең аз және ең жоғары рұқсат етілген көлемі туралы жүйелік оператордан ақпараттың болмау;

4) жүйелік оператор ұсынатын ҚР БЭЖ тұтыну шамасының болмау жағдайларында өтпеді деп жарияланады.";

78-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"78. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы мереке және демалыс күндерін қоспағанда, операциялық күннің алдындағы тәуліктің сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) ЭЦҚ немесе электрондық поштаны қолдана отырып, электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы сауда-саттыққа қатысушыларға және бірыңғай сатып алушыға орталықтандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелер туралы мынадай ақпаратты көрсете отырып, өткізілген орталықтандырылған сауда-саттықтың нәтижелері туралы хабарлама жібереді: сауда-саттыққа қатысушылар сатып алған/сатқан операциялық тәуліктің әрбір сағатына, электр энергиясының көлеміне мәмілелердің бағасы.";

2-қосымша осы тізбеге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 222 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10889 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы" ереженің 15-тармағы 257) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы" ереженің 15-тармағы 257) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

62) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"62) электрондық құжат-ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;"

63) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"63) электр зарядтау станциясы (бұдан әрі – ЭЗС) – электр қозғалтқыштарымен жарақтандырылған механикалық көлік құралдарын зарядтауға арналған электр қондырғысы.";

7 және 8-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және " Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) бұйрығымен белгіленген тәртіпте және мерзімде зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмысшылар мен мамандар міндетті медициналық қарап-тексеруден өтеді.

8. Өндірістік қызметі электр қондырғыларымен байланысты жұмыскерлер өз қызметін осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген электр техникалық (электр технологиялық) персоналдың электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама топтарына және оларды беру жағдайларына сәйкес жүзеге асырады.";

51-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"51. Нарядты осы Қағидалардың 54, 55 және 56-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бір қосылымның бір немесе бірнеше жұмыс орнына беруге рұқсат етіледі.

Бір жауапты жұмыс басшысына, рұқсат берушіге, жұмыс өндірушіге (бақылаушыға) кезекті рұқсат беру және сол бойынша жұмыс істеуге берілетін нарядтар санын, нарядтың қолданылу мерзімін наряд беруші анықтайды. Нарядты ұзартуға рұқсат беріледі.";

171-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Желілік ажыратқыштарды қоспағанда, барлық АТҚ-дан кернеу түсірілген кезде соңғысы осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоршалған кеңістіктің ішкі бетіне қаратылған белгілері (плакаттар) бар арқанмен қоршалады.";

251 және 252-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"251. Майсыз тасымалданатын және азотпен толтырылған трансформатор багына адамдар кірмес бұрын, азотты шығару шараларын қабылдау қажет.

Азотты шығару мыналар:

1) трансформатор багына төменгі ысырма арқылы азот толық ығыстырылып шыққанға дейін май құю (май бұл ретте нормаға сәйкес болуы керек);

2) трансформатор бағын 13 кПа (100 мм сынып бағанасы), одан кейін құрғатылған ауа немесе құрғақ силикагель толтырылған ауа құрғатқыш арқылы өткізілетін ауаны жіберу жолымен жүргізіледі. Селикагель салмағы 5 кг кем болмауы тиіс. Бұл тәсіл көлік жағдайында терең вакуумдауға шыдайтын бак үшін қолданылады;

3) бакты құрғақ таза ауа үрлеп желдету немесе ашық тұрған жоғарғы және төменгі люктерді өздігінен желдетілуі жолымен шығарады. Бұл ретте трансформатор оқшауламасының дымқылдануын болдырмау үшін трансформаторға қолданылып жүрген басты техникалық материалдар бойынша саңылау жасау шарттары орындалады.

252. Трансформатор бағы ішінде жұмыс жүргізіп жатқан адамдарға үздіксіз бақылау орнату қажет.

Трансформатор ішіндегі адамдардың жай-күйі мен әрекеттерін бақылау үшін, аз дегенде бір жұмыскер тағайындалады, ол кіретін люк қасында болады, ұдайы жұмыс істеп жатқандармен байланыс жасап тұруға міндетті. Трансформатор ішінде жұмыс істеу кезінде жұмыскер аспа баулы сақтандырғыш белбеуі бар арқанмен және қажет болғанда, өңешті газтұтқышпен қамтамасыз етіледі.";

506 және 507-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"506. КБЖ ең шеткі ұшындағы телефон аппараты сынақ өткізудің алдында телефон байланысы үшін бөлінген қос талсымдардың әрқайсысына жалғанған бөлгіш конденсаторлар (сыйымдылығы 0,1 мкФ және жұмыс кернеуі 5-6 кВ) арқылы қосылған болуы керек. Телефон аппараты мен конденсаторларды қазандықтан немесе резеңке диэлектрлік кілемше төселген ағаш табандығы бар құдықтан тыс орналастыру қажет. Телефонмен сөйлесулер кәбілде сынақ кернеуі жоқ болғанда және жұмыстарға жауапты басшыдан шақыру алғанда жүргізілуге тиіс. Сынақ жүргізіліп жатқанда телефон аппараты мен жалғағыш сымдарға қол тигізуге рұқсат берілмейді.

507. Сынақтар кезінде жауапты басшыдағы телефон аппараты желіден өшірулі жағдайда болады. Оны сынақтар аяқталғаннан және кәбілден заряд алынғаннан кейін қосу керек.";

631-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"631. Жарылыстан қорғалған электр жабдығының ішкі бөліктерін тексеру электр жабдығын ажыратқаннан кейін орындалады, бұл ретте мыналар тексеріледі:

1) жарылыс қаупі бар аймақта орналасқан және ұшқын қауіпсіз тізбектердің элементтері болып табылатын ток өткізгіш бөліктері бар жарылыстан қорғалған электр жабдығы;

2) кез келген беттің температурасын, жинақталған электр энергиясының разрядын қауіпсіз деңгейге дейін төмендету үшін жеткілікті уақыт ішінде қабықшаны барлық кіретін және шығатын тізбектерді, оның ішінде нөлдік жұмыс өткізгішін ажыратпай ашуға жол берілмейді;

3) бір жерге қосуды жерге қосу кедергісін өлшеуді оңайлату үшін ажыратуға жол берілетін қос жерге қосу болған жағдайларды қоспағанда, жарылыс қаупі бар аймақтың барлық тізбектерін ажыратпай қорғаныс блогын жерге қосуды ажыратуға жол берілмейді."

мынадай редакциядағы 37-тараумен толықтырылсын:

"37-тарау. Электр зарядтау станцияларын орнату талаптары

639. Тұтынушылардың қолданыстағы электр қондырғыларында электр зарядтау станцияларында жұмыс жүргізу кезінде жұмыс өндірісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар орындалады.

ЭЭС пайдаланатын қызметкерлер осы Қағидалардың 21-тарауын және дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес қауіпсіздік шаралары жөніндегі талаптарды басшылыққа алады.

640. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 210 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11026 болып тіркелген) сәйкес ЭЭС электр жабдықтарын пайдалануды, тексерулерді, ағымдағы, жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және қалпына келтіруді біліктілігін арттырудан және электр қауіпсіздігі бойынша білімдерін кезендік тексеруден өткен электротехникалық персонал орындайды.

641. ЭЭС электр жабдығын пайдалануға беру, тікелей мақсаты бойынша пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеудің барлық түрлері және техникалық куәландыру осы Қағидаларда белгіленген жұмыстарды қауіпсіз орындау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар сақталған кезде дайындаушының нұсқауларына сәйкес орындалады.";

642. Зарядтау сессиясын жүзеге асыру кезінде пайдаланушы электр тоғының соғу, жарылыс немесе доғаның жарылу қаупіне ұшырауы мүмкін. ЭЭС тек электр қозғалтқыштарымен жабдықталған механикалық көлік құралдарының аккумуляторлық батареяларын зарядтау үшін қолданылады. Электр қозғалтқыштарымен жарактандырылған механикалық көлік құралдарын зарядтау кезінде қолданылатын адаптерлердің ажыратылатын қосылыстарын ажыратуға жол берілмейді.

Электр қозғалтқыштарымен жарактандырылған ақаулы (авариялық) механикалық көлік құралдарын, сондай-ақ техникалық регламенттерге және қолданыстағы стандарттарға сәйкес келмейтін немесе өндіруші зауыт көздемеген энергиямен қамтамасыз ету жүйелерінің сертификатталмаған немесе қолдан жасалған модификациялары болып табылатын ЭЭС қосқыштары мен жабдықтарын зарядтау үшін пайдалануға жол берілмейді.

Станция корпусының элементтеріне немесе бөгде шуларға көрінетін зақым келген жағдайда, сондай-ақ жаңбыр мен найзағай кезінде ЭЭС-ны ақаулы жағдайда пайдалануға жол берілмейді.

ЭЭС корпусына немесе зарядтау кабелінің элементтеріне сұйықтықтарды шашуға жол берілмейді. Зарядтау кезінде электр қозғалтқыштарымен жабдықталған механикалық көлік құралын жууға жол берілмейді.

Қажет болса, электр тогының соғуынан қорғау құралдары қолданылады."

3. "Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы" ереженің 15-тармағы 270)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы электр қондырғыларын орнату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы" ереженің 15-тармағы 270)-тармақшасына сәйкес әзірленді және электр қондырғыларын орнату тәртібін айқындайды.";

4-тармақта:

226) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"226) энергетикалық жүйенің электр бөлігі – электр станцияларының электр қондырғыларының және энергетикалық жүйенің электр желілерінің жиынтығы";

мынадай мазмұндағы 227) тармақшамен толықтырылсын:

"227) электр зарядтау станциясы (бұдан әрі – ЭҚЖ) – электр қозғалтқыштарымен жарақтандырылған механикалық көлік құралдарын зарядтауға арналған электр қондырғысы.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Электр қондырғыларында "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-3-бабының талаптарына сәйкес келетін электр жабдықтары мен материалдар қолданылады.";

703-тармақтың алтыншы бөлігі жаңа редакцияда жазылсын;

"Ең жоғары жұмыс параметрлері (кернеу мен ток) кезінде және елді мекен үшін абсолюттік ең жоғары ауа температурасы кезінде ЭЖ пайда болатын электр және магниттік өрістің құрамдастарының қарқындылығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) (бұдан әрі – Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығы) сәйкес бекітілетін Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген белгіленген шекті рұқсат етілген мәндерден аспауы тиіс.";

21-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"21-тарау. Түрлендіргіш кіші станциялары, қондырғылар және тұрақты ток электр зарядтау станциялары";

1522-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1522. Қағидалардың осы тарауы өнеркәсіптік тұтынушыларды қуаттандыруға және 4-ші түріндегі тұрақты ток электр зарядтау станцияларына арналған қуаты 100 кВт және одан да көп жартылай өткізгіш түрлендіргіш агрегаттары бар стационарлық түрлендіргіш кіші станцияларға және қондырғыларға қолданылады.";

1553-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1553. Суық уақытта жұмыс істемей тұрған жабдық кезінде жылыту мынадай температурадан төмен емес температураны қамтамасыз етуі тиіс: түрлендіргіш агрегаттардың үй-жайларында +16 °С, жылу алмастырғыштардың үй-жайларында +10 °С. Барлық қалған үй-жайларда Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес көрсетілген температура қамтамасыз етіледі.";

1605-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Таза ауаның талап етілетін көлемі V , м³/сағ, мына формула бойынша анықталады:

$$V = 0,07 I \text{ зар } n, (49)$$

мұнда $I \text{ зар}$ – ең үлкен зарядтау тогы, А;

n – аккумуляторлық батарея элементтерінің саны, бұл ретте аккумуляторлық батарея үй-жайының ауасындағы күкірт қышқылының концентрациясы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың шекті жол берілетін концентрациясында көрсетілгеннен аспауға тиіс № 29011 астында) (бұдан әрі – ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-70 бұйрығы).";

1631-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1631. Электр машиналары олардың жұмысы машинаның өзінің, іргетастың немесе ғимарат бөліктерінің Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген оңтайлы және рұқсат етілген дыбыс көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген рұқсат етілген шектерден жоғары шу мен дірілін тудырмайтындай етіп орнатылуы тиіс.";

1639-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1639. Адамдар жұмыс істейтін ЭМЖ-дегі ауа температурасы ҚР Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген микроклиматтың (температура, салыстырмалы ылғалдылық және ауа қозғалысының жылдамдығы) оңтайлы және рұқсат етілген көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс.";

1644-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1644. Персоналдың тұрақты кезекшілігі бар ЭМЖ-де кезекші персонал үшін қажетті сигнал беру, өлшеу және ауа бапталған ауаны беру құралдарымен жабдықталған ыңғайлы үй-жайлар және қызмет көрсетуші персоналға арналған санитарлық торап, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтер талаптарына сай жылыту қарастырылуы тиіс.";

2075-тармағының екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үйлерде ерекше жағдайларда техникалық шарттарға және денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген электр және магнит өрістерінің шекті рұқсат етілген деңгейлеріне сәйкес құрғақ трансформаторларды пайдалана отырып, салынған және жапсарлас қосалқы станцияларды орналастыруға жол беріледі.";

2392-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2392. Жоғары жиілікті индукциялық және диэлектрлік қыздыру қондырғыларында Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес бекітілетін электрлік және магниттік өрістердің рұқсат етілетін шекті деңгейлеріне сәйкес айқындалатын нормаланған мәндерге дейін жұмыс орындарындағы электромагниттік өрістің кернеу деңгейін төмендетуге арналған экрандаушы құрылғылар болуы тиіс.";

2396-тармағының екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қозғалтқыш-генераторлардың дірілін азайту үшін діріл деңгейіне қойылатын Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген оңтайлы және рұқсат етілген дыбыстың шығуын сақтауды қамтамасыз ететін дірілді сөндіретін құрылғылар қолданылады.";

2437-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Мұндай үй-жайлардың ауданы мен көлемі және оларды желдету жүйелері ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-70 бұйрығымен бекітілген жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясына сәйкес келуі тиіс.";

мынадай мазмұндағы 41-тараумен толықтырылсын:

"41-тарау. Электр зарядтау станциялары

1-параграф. Қолдану саласы

2471. Осы тарау электр қозғалтқыштарымен жарактандырылған механикалық көлік құралдарын зарядтауға арналған жабық үй-жайларда немесе ашық ауада

жабдықталатын және пайдаланылатын 1-інші, 2-інші, 3-інші және 4-інші түріндегі стационарлық және тасымалданатын электр зарядтау станцияларына (бұдан әрі – ЭЗС) қолданылады.

2472. ЭЗС элементтерінің құрамы олардың мақсатына, жабдықтың конструктивті орындалуына, механикаландыру және автоматтандыру дәрежесіне байланысты.

Аталған шарттарға байланысты ЭЗС құрамына кабельдік желілер, электр сымдары және орнату элементтері арасындағы сыртқы қосылыстардың ток өткізгіштері, сондай-ақ орнату шегіндегі басқару блоктары кіреді.

ЭЗС жабдығының (элементтерінің) үлгілік орындалуы, қорғау дәрежесі және құрамы сыртқы ортаның нақты жағдайларын, қосылатын желінің өткізу қабілетін өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын және құрылыс нормалары мен қағидаларын ескере отырып таңдалуға тиіс.

2-параграф. Жалпы талаптар.

2473. ЭЗС қуаты бойынша ҚР ҚН 3.03-05 "Автомобиль тұрақтары" сәйкес түрлерге бөлінеді.

2474. Айнымалы ток зарядтау құрылғылары электр қозғалтқыштарымен жабдықталған механикалық көліктерді зарядтау үшін айнымалы токты пайдаланады. 1-інші, 2-інші және 3-інші түріндегі зарядтау құрылғылары айнымалы ток зарядтау құрылғылары болып табылады.

2475. Тұрақты ток зарядтау құрылғылары немесе 4-інші түріндегі жеделдетілген зарядтау құрылғылар электр қозғалтқыштарымен жабдықталған механикалық көліктерді зарядтау үшін тұрақты токты пайдаланады.

2476. Электрмен жабдықтаудың қолданылу сенімділігін қамтамасыз етуге қатысты ЭЗС негізгі жабдықтары мен қосалқы тетіктерінің электр қабылдағыштары осы Қағидалардың 2-тарауында көзделген III санаттағы электр қабылдағыштарға жатқызылуы тиіс.

2477. ЭЗС-ты жалпыға ортақ пайдаланылатын электр желілеріне қосу желідегі электр энергиясының сапасының төмендеуіне әкеп соқпауы тиіс.

2478. ЭЗС жабдығының, қоршаулар мен бұғаттаулардың конструкциясы мен орналасуы оның механикалық зақымдануы, сондай-ақ кернеудегі бөліктерге кездейсоқ тию мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

2479. ЭЗС жабдықтарын, оның тораптары мен механизмдерін, сондай-ақ басқару органдарын орналастыру оларға еркін, ыңғайлы және қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен қатар, басқару органдарының орналасуы жабдықты тез өшіру және оның барлық механизмдерін тоқтату мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

2480. ЭЗС-ті тікелей стационарлық электр желісіне қосу жиналмалы немесе ажыратылатын түйіспелі қосылыстары бар коммутациялық және қорғаныс аппараттарын (аппараттарын) пайдалана отырып жүзеге асырылуы тиіс. Осы

қосылыстарды ашу және жабу, коммутациялық аппарат қосылған кезде кабельдік желінің (сымдардың) өзектерін қосу (ажырату) мүмкіндігін болдырмайтын бұғаттаудың болуын көздеу қажет.

2481. Электр кабельдерін төсеу, ЭЭС-ті электр желілеріне қосу және қондырғының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптар осы Қағидалармен регламенттелген.

2482. ЭЭС сыртқы электрмен жабдықтауға осы Қағидалардың 19-тарауының талаптары қолданылады."

4. "Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 246 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10949 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы" ереженің 15-тармағы 256) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы" ереженің 15-тармағының 256) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайды.";

4-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Кернеуі 1000 В-тан төмен электр қондырғыларының иелері – жеке тұлғаларға электр қондырғыларына жауапты адамдар тағайындалмайды, электр қондырғыларын пайдалану электр қондырғыларының кернеу класына қарамастан электр қондырғыларына қызмет көрсетуге арналған шарттарды қауіпсіз пайдалану үшін жауапкершілік жүктелетін мамандандырылған ұйымдармен жасасатын электр заярдтау станцияларының иелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

111-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"111. Трансформаторлар мен реакторлар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) (бұдан әрі – Электр қондырғыларын орнату қағидалары) талаптарына сәйкес орнатылады.";

129-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қуаты 1000 кВА және одан жоғары трансформаторлар термосифонды және сiңiргiш сүзгiлердегi майдың үздiксiз регенерация жүйесiмен жұмыс iстейдi.";

233-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"233. Оқшауланған немесе өтелген бейтарап желiлерде жерге бiр фазалы тұйықталу кезiнде персонал бұл туралы қоректендiру кiшi станциясындағы кезекшiге немесе энергия берушi ұйымның желiсi бойынша кезекшiге дереу хабарлайды және одан әрi оның нұсқаулары бойынша әрекет етедi.";

386-тармақтың үшiншi бөлiгi жаңа редакцияда жазылсын:

"Есептiк есептегiштi оны пайдалану орнында калибрлеу, егер бұл жергiлiктi нұсқаулықта көзделген болса, энергия берушi ұйымның аттестатталған өкiлi энергия объектiсiндегi электр энергиясын есепке алуға жауапты қызметкердiң қатысуымен салыстырып тексеру белгiсiн бұзбай жүргiзiледi. Калибрлеу Қазақстан Республикасындағы өлшем бiрлiгi саласындағы заңнамада көзделген салыстырып тексерудi алмастырмайды. Калибрлеу нәтижелерi актiмен ресiмделедi.";

395-тармағының бiрiншi бөлiгi жаңа редакцияда жазылсын:

"395. Барлық үй-жайларда, жұмыс орындарында, ашық кеңiстiктерде және көшелерде жұмыс және авариялық жарықтандыру өнеркәсiптiк кәсiпорындардың талаптарына сәйкес және "Адамға әсер ететiн физикалық факторларға гигиеналық нормативтердi бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрiнiң 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекiтiлген жарықтандырудың оңтайлы және жол берiлетiн көрсеткiштерiне сәйкес жарықтандыруды қамтамасыз етедi" (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 26831 болып тiркелген) (бұдан әрi – ҚР Денсаулық сақтау министрiнiң № ҚР ДСМ-15 бұйрығы).";

460-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"460. Электрондық-сәулелiк қондырғылардың рентгендiк сәулелену деңгейi рұқсат етiлген мәндерден жоғары емес, денсаулық сақтау министрiнiң 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/20201 "Радиациялық қауiпсiздiктi қамтамасыз етуге "Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекiту туралы" бұйрығымен (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 21822 болып тiркелген) сәйкестiгi қамтамасыз етiледi.";

479-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"479. Ультрадыбыстық өңдеуге арналған технологиялық элементтерi бар қондырғыларда қызмет көрсету персоналының ұстауына, сол жерде жүруiне тура келетiн ортасы мен материалдарында электрлiк шамалардың болмауын қамтамасыз етушi шаралар қарастырылуға тиiс. Барлық жоғары жиiлiктi бөлiктерi ҚР Денсаулық сақтау министрiнiң № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекiтiлген ультрадыбыс деңгейлерiнiң рұқсат етiлетiн мәндерiне сәйкес экрандалады.";

522, 523, 524 және 525-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"522. Іске қосу және оған одан әрі техникалық қызмет көрсету кезеңдерінде тиісті тексеруді орындау кезінде жарылыстан қорғалған электр жабдығын пайдалану " Жарылыс қаупі бар газ орталары үшін электр жабдығы." 17-бөлім. Жарылыс қаупі бар аймақтардағы (жерасты қазбаларынан басқа) электр қондырғыларын тексеру және техникалық қызмет көрсету (МЕМСТ МЕМСТ ІЕС 60079-14)" Мемлекетаралық стандартының талаптарына және жергілікті жағдайларды, сондай-ақ осы Қағидалар мен дайындаушылардың техникалық құжаттамасын ескере отырып, тиісті стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

Аяқталған құрылыс объектісі ретінде электр жабдықтарын пайдалануға беру кезеңінде тексеру "Жарылыс қауіпті орта. 14-бөлім. Электр қондырғыларын жобалау, таңдау және монтаждау (ГОСТ ІЕС 60079-14 жерасты қазбаларынан басқа) Мемлекетаралық стандартының қосымшасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады

523. Жарылысқа қауіпсіз электр жабдығына техникалық қызмет көрсету, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту және жөндеу жарылыстан қорғалған электр жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесінің кәсіпорнында қолданылатын " Жарылыс қаупі бар орталар. 19-бөлім. Электр жабдығын жөндеу, тексеру және қалпына келтіру" (МемСТ 31610.19/ІЕС 60079-19) Мемлекетаралық стандартының талаптарына сәйкес, сондай-ақ регламент бойынша оларға арналған технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсетумен, жаңғыртумен, реконструкциялаумен, жаңартумен және жөндеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

524. Жарылыс қаупі бар аймақтарда пайдалануға сертификатталған және тиісті жарылыстан қорғалған электр жабдығы:

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 825 шешімімен қабылданған "Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеуге арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 012) талаптарына;

Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар тізбесіне, ал олар болмаған жағдайда – зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістері, оның ішінде "Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеуге арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесіне (КО ТР 012) және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыруға тиісті жарылыстан қорғалған электр жабдығы жіберіледі.

Көрсетілген тізбелерді ерікті негізде қолдану нәтижесі Комиссия Алқасының 2020 жылғы 1 желтоқсандағы № 158 (бұдан әрі – КО ТР 012) шешімімен бекітілген " Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеуге арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 012) талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

525. Қалыпты пайдалану жағдайлары не болжамды істен шығу жағдайлары кезінде жарылыс қаупі бар аймақтарды (атмосфераларды) қалыптастыру ықтималдығы, жарылыс қаупі бар жағдайлардың пайда болу орындары сәйкестендірілуге тиіс, сандық бағалау, сондай-ақ тұтану (жарылыс) қаупінің ықтимал салдарын бағалауды объектінің меншік иесі аттестат немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жүргізуге аттестатталған ұйым болған кезде орындауы тиіс.

Өндірістегі тұтану (жарылыс) көздерін бақылау жөніндегі қосымша іс-шараларды талап ететін жарылыс қауіпті аймақтар, сондай-ақ мұндай іс-шаралар талап етілмейтін жарылыс қауіпті аймақтар Электр қондырғыларын орнату қағидаларының талаптарына және КО ТР 012 қолданыстағы нормативтерінің талаптарына сәйкес сәйкестендірілуі, сандық бағалануы және жіктелуі тиіс.

Тәуекелдерді бағалауды тиісті оқытудан және білімді мерзімді бағалаудан өткен білікті персонал орындауы керек.

Тәуекелдерді бағалау қолданыстағы технологиялық және негізгі электротехникалық жабдықты жаңғырту/түрлендіру мақсатында не пайдаланудан шығару не оны пайдалануға беру бойынша орындау процесі басталар алдында орындалатын жұмыс графигіне толық сәйкес келетін тұрақты негізде орындалады.

Жарылыс қаупі бар аймақтарда жарылыстан қорғалған электр жабдығының корпусында тиісті таңбасы жоқ жарылыстан қорғалған электр жабдығын, сондай-ақ ескі немесе моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты тұтану тәуекелдерін алдын ала бағаламай пайдалануға жол берілмейді. Сондай-ақ, ықтимал жарылыс қаупі бар аймақтар (атмосфералар) жағдайында пайдалануға арналған электрлік емес технологиялық жабдық тұтану тәуекелдерін бағалауға жатады.

Технологиялық қондырғыларға салынатын жарылыстан қорғалған электр жабдығын қолдану мүмкіндігі осы қондырғыға арналған жобада көзделеді.";

535-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"535. Жарылыстан қорғау түрі бар электр жабдықтарында "үшқыннан қауіпсіз электр тізбегі" ("і"):

1) тізбектердің үшқын қауіпсіздігін растайтын құжаттаманың және есептеулердің болуы;

2) жарылыстан қорғау деңгейінің, жарылыстан қорғалған электр жабдығы тобының, температуралық сыныптың беттердің ең жоғары температурасына сәйкестігі (шанды жарылыс қауіпті орта үшін);

3) электр жабдығының параметрлері, тізбектердің компоненттері, ұзындығы, маркасы және кабельдерді төсеуге қойылатын талаптар;

4) белгіленген электр жабдығының жобада көрсетілгенге сәйкестігі;

5) байланысты жабдық параметрлерінің жобаға сәйкестігі тексеріледі.";

549-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"549. "Артық қысыммен қабықты толтыру немесе үрлеу" ("p") түрімен жарылыстан қорғалған электр жабдығының блоктарының іске қосылуын тексеру 6 айда 1 рет жүргізіледі.";

553-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"553. Жерге тұйықтау құрылғысын қарап тексеру, тексеру және сынау Электр қондырғыларын орнату қағидаларының 8-тарауының 28-параграфында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

Жарылыс қаупі бар қондырғылардың жерге тұйықтау құрылғысының жекелеген элементтері іріктеп ашылады:

жер асты бөлігін алғашқы ашу 8 жыл пайдаланғаннан кейін, одан кейінгі 10 жылдан кейін жүргізіледі.

Жерге тұйықтау құрылғысының жобалық құрылғыдан асатын кедергісі кезінде оны төмендету шаралары қабылданады.";

561-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"561. Жарықты қарау кезінде мыналар тексеріледі:

- 1) шамдардың қуаты мен типінің шамдардың параметрлеріне сәйкестігі;
- 2) жарық өткізгіш элементтердің, шам корпустарының жай-күйі.";

563-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"563. Жарылыстан қорғау ("s") түрімен электр жабдықтарын қарау және тексеру дайындаушының техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.";

569-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"569. Пайдалану процесінде бақылау үшін қолжетімді орындарда жарылыстан қорғалған электр жабдығы қабықтарының жарылысқа төзімді саңылауының ені:

- 1) электр қондырғыларына жауапты қызметкер белгілейтін кезеңділікпен дірілдейтін жабдықта орнатылған жарылыстан қорғалған электр жабдығында;
- 2) жоспарлы жөндеудегі жарылыстан қорғалған электр жабдығында;
- 3) бөлшектеуге ұшыраған жарылысқа төзімді қабықшалар, жарылысқа төзімді электр жабдықтарында өлшенеді.";

577 және 578-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"577. Жарылыстан қорғалған электр жабдығының ішіндегі шаң мен талшықтар электр қондырғыларына жауапты қызметкер бекіткен кесте бойынша кемінде:

жылына 2 рет — қалыпты жарқыраған бөлшектері бар электр машиналары үшін (тұрақты ток машиналары, коллекторлық машиналар);

2-3 айда 1 рет — дірілге ұшырайтын жабдыққа орнатылған жарылыстан қорғалған электр жабдығы үшін;

жылына 1 рет — қалған жарылыстан қорғалған электр жабдықтары үшін жиналады.

578. Жарықтандыру арматурасы мен шамдар электр қондырғыларына жауапты қызметкер бекіткен кесте бойынша тазартылады. Металл қабықтардың сыртқы

беттерінде тұндырылған шаң қабаты 5 мм-ден асқан кезде тазалау мерзімінен бұрын жүргізіледі.";

580-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"580. Жаңадан орнатылған тығыздағыш резеңке төсемді қысу кезінде оның биіктігі 30-40 % шегінде төмендейді.";

586-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"586. Жылжымалы және тасымалданатын жарылыстан қорғалған электр жабдықтарын қосуға арналған құрылғылар жарылыс қаупі бар аймақтардан тыс орналастырылады. Электр жабдығының жарылыстан қорғау деңгейі жарылыс қаупі бар аймақтың сыныбына сәйкес келеді.";

596-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"596. Жарылыс қаупі бар аймақтарда және жарылыстан қорғалған электр жабдықтарында жұмыс істеуге тиісті кәсіптік және өндірістік (мерзімді) даярлықтан (оқытудан) өткен адамдар жіберіледі.

Жарылыс қаупі бар аймақтарда және жарылыстан қорғалған электр жабдықтарында жұмысқа жіберілген персоналды даярлаудан (оқытудан) өту кезеңділігі үш жылдан аспайды.";

мынадай мазмұндағы жаңа 24-тараумен толықтырылсын:

"24-тарау. Электр зарядтау станциялары

597. Қуаты бойынша электр зарядтау станциясы (бұдан әрі – ЭЗС) мынадай түрлерге бөлінеді:

1-түрі – 240 В 16 А;

2-түрі – 240 В 32 А;

3-түрі – 690 В дейін, үш фазалы ауыспалы ток, 63 А, (22, 43 кВт) – ауыспалы токпен жылдам зарядтау;

4-түрі – 600 В дейін және 400 А дейін, (320 – 480 кВт) – тұрақты токпен жылдам зарядтау.

Ауыспалы ток зарядтау құрылғылары.

Ауыспалы ток зарядтау құрылғылары электромобильдерді зарядтау үшін ауыспалы токты пайдаланады. 1, 2 және 3-түріндегі зарядтау құрылғылары ауыспалы ток зарядтау құрылғылары болып табылады.

Тұрақты ток зарядтау құрылғылары.

Тұрақты ток зарядтау құрылғылары немесе 4-түріндегі жеделдетілген зарядтау құрылғылары электромобильдерді зарядтау үшін тұрақты токты пайдаланады.

Электромобиль (ЭТ): Тек электр қозғалтқышымен қозғалатын және сыртқы электр көзімен зарядталатын автокөлік құралы.

598. ЭЗС-пен байланысты электр қауіпсіздігі шаралары және жерге тұйықтау жүйесі Электр қондырғыларын орнату қағидаларының "Жерге тұйықтау және электр

қауіпсіздігі қорғанысы шаралары" 7-тарауының талаптарына сәйкес келуге тиіс, ал жерге қосу кедергісі 4 Ом-нан аз болуы керек.

599. ЭЭС пайдалану орны электр қуатын жүктемеге қосу үшін жеткілікті қуатты қамтамасыз етуі тиіс.

ЭЭС есігінің өтетін жағы мен желдеткіш жағы тиісті салқындатуды және ЭЭС жабдықтарына қызмет көрсетуге қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында қабырғаға орнатылмауы тиіс.

ЭЭС орнату шарттары ЭЭС корпусының қорғау дәрежесіне сәйкес болуы тиіс және сумен толтыру орындарынан, жарылыс қаупі бар ортадан, жылу көздерінен және коррозиялық ортадан алшақтатылуы тиіс.

600. ЭЭС сыртқы электрмен жабдықтау ЭЭС тұтынатын қуатына сәйкес келуге және электрмен жабдықтау сенімділік санатына байланысты резервтік қуатқа ие болуға тиіс. Қоректендіру кабелі мен коммутациялық аппараттарды таңдау Электр қондырғыларын орнату қағидаларының 3 және 4-тарауының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қыздыру, токтың экономикалық тығыздығы және тәждің шарттары бойынша өткізгіштерді таңдау және қысқа тұйықталу шарттары бойынша электр аппараттары мен өткізгіштерді таңдау, электр энергиясын есепке алу Электр қондырғыларын орнату қағидаларының "Электр энергиясын есепке алу және қуатты бақылау" 5-тарауына сәйкес келуі тиіс.

601. ЭЭС мыналарға арналған релелік қорғау құрылғыларымен:

1) зақымдалған элементті ажыратқыштардың көмегімен электр жүйесінің (электр қондырғысының) қалған, бүтін бөлігінен автоматты түрде ажырату;

2) электр жүйесі элементтерінің қауіпті, қалыптан тыс жұмыс режимдеріне ден қою үшін жабдықталуы тиіс.

Сақтандырғыштарды немесе ашық балқитын ендірмелерді, егер олар:

1) қажетті параметрлермен таңдалса (номиналды кернеу және ток, номиналды өшіру тогы);

2) талап етілетін селективтілік пен сезімталдықты қамтамасыз етсе қолдануға болады.

602. Жарылыс қаупі бар аймақтарда және жарылыстан қорғалған электр жабдықтарында жұмыс істеуге тиісті кәсіптік және өндірістік (мерзімді) даярлықтан (оқытудан) өткен адамдар жіберіледі.

603. Бұйымның қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ету және пайдалану процесінде тәуекелдерді азайту үшін жылына кемінде бір рет ЭЭС-тің жай-күйін тексеру қажет.

Техникалық қызмет көрсету кезеңін дайындаушы-зауыт анықтайды.

ЭЭС пайдалану кезінде тұрақты негізде мынадай:

зарядтауды бақылау;

энергетикалық көрсеткіштерді өлшеу;

ағып кету тоғын бақылау;

оқшаулауды бақылау іс-шараларын жүргізу қажет.

Сонымен бірге мыналарға:

қосқышты құлыптау (зарядтау ашасы) – зарядтау процесінің максималды қауіпсіздігі үшін;

зарядтау жүйесіндегі температураны дәл бақылау – қызып кетуден қауіпсіз қорғанысқа жеке бақылау да қажет.

Зарядтау құрылғысын пайдалану кезінде дайындаушы зауыттың зарядтау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтың талаптары сақталуы тиіс.

Тізімге

қосымша

Электр энергиясының

орталықтандырылған

сауда- саттығын ұйымдастыру

қағидаларына

2-қосымша

Хат нысаны

(Кәсіпорынның

фирмалық бланкісінде)

Басқарма Төрағасы

_____ мырзаға

Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысу шартын жасасу ниеті туралы хат

Меншік нысаны "Ұйымның атауы" болып табылады _____ (аумағында жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйым, цифрлық майнер, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы)

_____ облыстар (елдер).

Қызметті жүзеге асыру үшін меншік нысаны "Ұйымның атауы" Сізден шарт жасасуды сұрайды

электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысу.

Меншік нысаны "ұйымның атауы" Электр энергиясының көтерме сауда нарығында кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын жеткізуді/ тұтынуды жүзеге асыруға міндеттеме алады.

Заңды мекенжайы: _____;

Нақты мекенжайы: _____;

Басшының (жетекшілік ететін орынбасардың) телефоны;

Орындаушының телефоны: _____;

E-mail: _____;

Банк деректемелері: _____.

Меншік нысаны "Ұйымның атауы", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларының 4-тармағында көзделген электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысу Шартын жасасу үшін құжаттардың барлық қажетті көшірмелерін

орталықтандырылған сауда нарығы операторының қызметкерінің электрондық мекенжайға _____ қосымша жіберілді.

Қосымша:

1.

2.

...

Кәсіпорын басшысы _____

Т.А.Ә. (болған жағдайда). (қолы).